



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2022 жылдың IV тоқсанына арналған
Ұлттық Банктің ноттарын шығару кестесі туралы**

2022 жыл, 28 қыркүйек

Ақша-кредит саясатын жүзеге асыру аясында Ұлттық Банк қазіргі уақытта айналым мерзімі 28 күндік ноттарды апта сайынғы негізде шығаруды қолға алды.

Ақша-кредит саясатын іске асыру процесін жетілдіру және трансмиссиялық тетіктің тиімділігін арттыру мақсатында бұған дейін айтылған пікірлерге сәйкес, Ұлттық Банк ноттарды шығару жиілігін әр 2 апта сайын 1 шығарылымға қысқарту туралы шешім қабылдады.

Қабылданған шаралар нарыққа қатысушыларды өтімділік ағынының болжамын жақсартуға ынталандыратын болады. Ақша-кредит саясаты құралдарын жаңғырту жөнінде бұдан кейін қабылданатын шешімдер ақша нарығындағы ахуалды ескере отырып, әлемдік озық тәжірибелерге сәйкес қабылданады.

2022 жылдың IV тоқсанында ноттарды шығару кестесімен мына сілтемеде танысуға болады: <https://nationalbank.kz/ru/auction/aukcion-nbk-po-razmeshcheniyu-kratkosrochnyh-not>

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz